# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ

**Мектепалды** О сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта 06 - 10 сәуір 2025-2026 оқу жылы**

**Адал азамат біртұтас тәрбие « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 06.04 | Сейсенбі 07.04 | Сәрсенбі 08.04 | Бейсенбі 09.04 | Жұма 10.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Адалдық әліппесі**<br>**Жақсы тілектер" ойын** әдісі - мейірімділікке эмоционалды жауап беру, сөздікті кеңейту **((Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Ойын барысы:**<br>1. Балалар шеңберге тұрады (немесе отырады).<br>2. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді: әр бала қасындағы балаға (немесе шеңбер бойынша) **жақсы тілек** айтады.<br>3. Тілек қысқа әрі нақты болуы керек (мысалы: *«Саған бүгін көңілді күн тілеймін», «Сабақта сәттілік тілеймін», «Әрқашан күлімдеп жүр»*).<br>4. Тілек айтылған кезде көзбен байланыс орнату және жылы интонация қолдану ұсынылады. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер :**<br>**Отбасылық бірлікті үлгі етіңіз**<br>Балалар ата-ананың өзара сыйластығын, түсіністігін көріп өссе, олар да айналасына мейірімді, ашық болады.<br>Бірлескен іс-әрекетке көңіл бөліңіз<br>Үй шаруасын, демалысты, мерекелерді бірге ұйымдастыру — баланың жауапкершілігін арттырып, ынтымаққа тәрбиелейді.<br>**Баланы тыңдай біліңіз**<br>Баланың пікірін ескеріп, ойын еркін айтуына мүмкіндік беру — өзара сенімді күшейтеді.<br>Келіспеушілікті мәдениетті шешуді үйретіңіз<br>Даулы жағдайда сабыр сақтап, келісімге келу жолдарын көрсету — бала үшін өмірлік сабақ.<br>Жақсы сөз — жан азығы<br>Үйде жылы сөздер мен қолдауды жиі қолдану баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.<br>**Қорытынды:**<br>Бірлік пен ынтымақ бар жерде — береке мен тыныштық бар. Отбасындағы осы құндылықтар баланың тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды. | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**«Сақинаны лақтыр»**<br>**Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп | | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>Қажетті заттар:<br>Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ...карау және басқалар) | ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.<br> | | топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.<br> | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 12** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**«Жолда абайла" әңгімелесу.** Мақсаты: жол ережелері туралы білімді дамыту: жолды тек бағдаршамның жасыл сигналына өтіп, айналаңызға қарап, скутермен немесе жол арқылы велосипедпен жүрмеңіз. Қоғамдық көлікте сыпайы мінезқұлық дағдыларын тәрбиелеу (Қарым-қатынас іс-әрекеті,<br>**танымдық іс-әрекеті)** | **«Қайда?». Кеңістіктегі бағдар.**<br>Мақсаты: балалардың бірлесе отырып есептеу дағдыларын жетілдіру.<br>Санды объектілер санымен байланыстыруды үйрену.<br>Геометриялық фигураларды, назарды, қиялды, кеңістіктік көріністерді тануда ойлау әрекеттерін дамыту<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті,**<br>танымдық іс-әрекеті). | **"Мерекеге топты безендіреміз"**<br>Мақсаты: дөңгелек пішінді заттарды салу қабілетін және пішінді ескере отырып, қарындашпен бояу дағдыларын бекіту, композицияда сурет салу қабілетін дамыту, заттардың өлшемдерін азайту<br>**(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті).** | **М.Әлімбаевтың "Сыпайылық сабақтары" өлеңін оқу.**<br>Мақсаты: балалардың "өлең" әдеби жанры туралы білімдерін бекіту. Ақындардың шығармашылығы туралы білімдерін бекіту. Қазақ ақыны М.Әлімбаевтың шығармашылығымен таныстыру. Балаларға әдептілік пен мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын үйрету. Қазақ тіліндегі таныс сөздерді бекіту (рахмет, сәлеметсіз бе, қайырлы таң, сау болыңыз). Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау, қиялын дамыту. Тұрақты қызығушылықты тәрбиелеу **(Қарым-қас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет).** | **Саусақ гимнастикасы:**<br>Жалғыз саусақ тіпті де. (сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті. (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды. (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыныкосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)(**Алалдық әліппесі)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау<br>**Міндеті** - Суретке байланысты белгілі ретімен сөйлем құрай алу | **Математика негіздері**<br>Тәулік бөліктері.<br>Циферблат<br>**Міндеті:** -Циферблат, сағат тілдерімен таныстыру.<br>Циферблат арқылы уақытты | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау<br>**Міндеті** - Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындардың орнын анықта<br>**Міндеті:-** - Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:** | **. Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>**Міндеті:** Пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздердің бірінші дыбысын анықтайды және талдау жасайды, сөздердегі буын санын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын, буынның жасалу жолын.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын, дыбыстарды ажыратады<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Сөздің*** *бірінші дыбысын айт»*<br>*(Педагог суреттерді көрсетеді).*<br>–Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: *өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы),* [illegible]<br>*әткеншек(ә), өрмекші(ө), есік(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)* т.б.<br>–Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс | анықтауға үйрету<br>: **Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**1- тапсырма**<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>**3-тапсырма**<br>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды.<br>Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>**4-тапсырманы** орындау<br>Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша | алу дағдыларын жетілдіру..<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздердің бірінші дыбысын анықтайды және талдау жасайды, сөздердегі буын санын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын, буынның жасалу жолын.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын, дыбыстарды ажыратады<br>Дидактикалық ойын: «Суреттерді топтастыр» (Педагог суреттерді көрсетеді). Мақсаты: Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету. Әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер, әр дыбысқа бірнеше сурет. Педагог балалардан суреттерді бірінші дыбысына байланысты топтастыруларын сұрайды. «С» сабын, сүлгі, сурет, сиыр, сарымсақ: «П» пальто, піл, парта, пима т.б. – Балалар, суреттерді қанша топқа бөлдіңдер, олар қандай дыбыстан басталып тұр? Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>«Жасырынған сөз» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға сөздің өзін айтпай сол сөз туралы айтады, балалар қандай сөз туралы айтылып жатқанын табады. Мысалы: Ол келгенде адамдар жеңіл киінеді, жапырақтар жап-жасыл болады, адамдар суға түседі, балалар көбелек қуып ойнайды. (жаз) Ол ыстық жақты мекен етеді, сусыз ұзақ уақыт жүре алады, сүтінен шұбат, қымыран жасалады, оның екі өркеші бар. (түйе) Оның жүні жазда сұр түске, қыста ақ түске ауысады, өзі қорқақ, құлағы ұзын аң (қоян) | **Жасайды:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді.<br>**Қолданады:** буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады.<br>Айсұлу саймандарға не жататынын білмей сендерге көмекке келіпті. Сендерден саймандар туралы айтып берулеріңді сұрап отыр. – Кәне, кім көмектеседі? – Саймандар дегеніміз қандай заттардың жалпылама аты екен? – Дұрыс айтасыңдар балға, балта, ара, тырма, күрек, шеге осының бәрі ер адамдар қолданатын құрал-саймандар екен. – Саймандардың аттарын буынға бөліп айтайықшы.<br>– Мысалы, «балға» сөзі – Бірінші буын – -бал – Екінші буыны – -ға. – Дұрыс, екі буыннан тұрады. – Себебі екі дауысты дыбыс бар. Балалар балта, тырма, күрек, шеге, айыр, егеу, ара сөздерін буынға бөліп айтып береді. – Балалар, өте жақсы буынға бөлдіңдер, дауысты дыбыс жеке өзі қай сөзде буын құрап тұр. – Е-геу, а-ра сөздерінде дауысты «а», «е» дыбыстары жеке тұрып буын болып тұр. Балаларға сөздерді буынға бөлгізіп қайталату.<br>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Буынның жалғасын тапқан бала жалаушасын көтереді де, буынды жалғайды. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Мысалы:Ай-на, ар-ба, қақ-пақ, ав-тобус, так-си, сөм-ке, | ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету<br><br>Маңызды: ойын барысында әр фигураның ерекше қасиеттеріне назар аудару керек. «Фигуралар мен денелердің конструкторы» дидактикалық ойыны.<br>Ойынға әртүрлі фигуралар мен денелердің конструкторы қажет: дөңгелектер, сопақшалар, үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, текшелер, шарлар мен цилиндрлер. – Барлық пішіндер мен денелерді үстелге қой. Тапсырма қандай да бір құрылымды салу, мысалы, үй. Бала пішіні мен өлшемін ескере отырып, үй салу үшін әртүрлі пішіндер мен денелерді пайдаланады. Бала құрылысты аяқтаған соң, ол өзінің құрылысын көрсетіп, оны жасау үшін қандай фигуралар мен денелерді қолданғанын түсіндіріп айтады. Балаға әртүрлі фигуралар мен денелерді қолдана отырып, өз дизайнын жасау ұсынылады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін қайдан білдіңдер?<br>–Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кітап (к), киіз (к), қанат (қ),*<br>*тышқан (т), шымшық (ш), сандық (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күрек (к), трактор (т),*<br>*сабыз (с), тау (т), қайың (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.*<br>–Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.<br>Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.<br>Дәптермен жұмыс<br>1. Суреттегі жануарлардың аты қандай дыбыстан басталып тұр анықта. Үй жануарлар туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>Балалар тапсырманы орындауға кіріседі.<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Мысалы:<br>ат - *(а) - жуан дауысты дыбыс.*<br>түйе - *(т) - қатаң дауыссыз дыбыс.* | айырмашылық тапса, соңша дөңгелек салады.<br>Суреттерді бірдей етіп жасайды | | те-ре-зе, ком-байн, құй-мақ, қы-за нақ, құл-пы, кү-рек, кү-шік, кор-жын. Ойын ойынға жақсы қатысқан балалар ойын соңында, жеңімпаз бала анықталып, мадақталады | |
| **«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу** | | | | | |

Сканировано с CamScanner

<table>
<tr>
<td>Үнемдеу маңыздылығы: Су-тіршілік көзі. Егер суды дұрыс пайдаланбасақ, таза су қоры азаяды және көптеген елдерде су тапшылығы пайда болады. Жадынама: 1. Кір немесе ыдыс жуғыш машинаны тек толық толғанда ғана қосыңыз. 2. Душ қабылдағанда уақытты қысқарту. 3. Кранды жуу кезінде және басқа жұмыстарда ашық қалдырмаңыз. 4. Суды қайта қолданыңыз - мысалы өсімдіктерді суғаруға немесе тазалауға қолданыңыз. 5. Жуынатын бөлмеде ағып тұрған кранды дер кезінде жөндеңіз.<br>QR СКАНЕРЛЕУ</td>
<td>СУДЫ ҮНЕМДЕУ </td>
<td>Нұсқаулықтар: 1. Тіс тазалау кезінде суды өшіріңіз: Тіс тазалау кезінде суды ағыза бермеңіз, тек қажет кезде қосыңыз. 2. Кранды қысқа уақытқа ашып, суды дұрыс пайдаланыңыз. 3. Душ қабылдау уақытының қысқарту үшін таймер пайдаланыңыз. 4. Автоматтандырылған суару жүйелерін қолдану арқылы суды бақылаңыз. 5. Жеміс-көкөністі жуу кезінде ағынды су орнына ыдысты пайдаланыңыз.<br></td>
</tr>
</table>

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Күшік пен мысық» Ертегісі<br>**Міндеті:** - -Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі; **Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын; Қолданады: дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br><br>Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» конаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық.<br>Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма? Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? | **Қазақ тілі**<br>Кереге<br>**Міндеті:** Сөздік қор.<br>-Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп)сөздермен толықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**Киіз үйдің кереге қандай бөлігі екенін біледі;<br>**Түсінеді:** Кереренің ішкі сыртқы заттарын біледі;<br>**Қолданады:**Керегенің жиналған түрін ажыратады;<br>**Үйқасын тап**<br>Шаңырақ бұл терезе<br>Кең бөлсыншы (кереге)<br>**Педагог:** Дұрыс айтасыңдар, ал біздің бүгінгі т ақырыбымыз кереге деп аталады. | **Математика негіздері**<br>Циферблат бойынша уақытты анықтау<br>**Міндеті:** Тәулік бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br><br>**«Ойыншық циферблаты» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** күннің уақыты мен бөліктері туралы білімді бекіту.<br>Ойыншылар саны: 2-ден 4-ке дейін.<br>**Ойын алаңы:** сағаттың үлестірмелі материалдағы суреті (№31 парақ).<br>Ойын барысы: әр ойыншы өз ойыншығын таңдап, белгілі бір | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Төрт түлік<br>**Міндеті:** - Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.<br>**Түсінеді:**Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды<br>**қолданады:** Төрт түлік малды күте білуге және сүйе білуге тәрбиелеу.<br>Интербелсенді тақтадан ауыл, қорадағы мал, ата бейнесі шығады. Бейнебаяндағы ата: –Ауылға хош келдіңдер. Мен сендерге төрт түлік мал туралы айтып берейін. Қазақ халқының өмірі төрт түлік малмен тығыз байланысты болған. Себебі төрт түлік мал – қазақ халқының тұрмысының негізгі саласы. Төрт түлік мал сойса – ет, сауса – сүт, мінсе – көлік , кисе – киім болды. Тұрмысқа керекті заттар алаша, | **Көркем әдебиет**<br>Төлдер айтысы<br>**Міндеті:** - Төлдер туралы түсінігін кеңейту. Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Жасайды:**Төлдер туралы түсінігін кеңейту.<br>**Түсінеді:**Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету.<br>**Қолданады:**Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бүгін «Төлдердің айтысы» ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: иесі – үй жануарларының қожасы төрт түлік – қой, сиыр, жылқы, түйені ортақ атаумен төрт түлік деп айтады Сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Төлдер не үшін айтысты? Лақ қалай мақтанды? – Бұзау, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысықтың дауысын кім салып береді?<br>Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады?<br>Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.<br>Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br>Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?<br>Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық» | **Кереге** – киіз үй сүйегінің қабырғалық бөлігі, талдан, жіңішке қайыңнан жасалады.<br>Тор көзді кереге уық байлайтын 20 бас, жел көзді керегеде 17 бас болады.<br>Кереге жасайтын жас тал мен қайыңның қабығын аршып, көлеңкеде кептіргеннен кейін көзға көміп жұмсартады. Сонан соң тезге салып түзетіп, жонады. Дайын болған кереге ағаштарын қайтадан тезге салып мүсіндейді. Бұдан соң оларды бір-бірімен қосып, түйенің, өгіздің мойын терісінен дайындалған таспамен көктейді, жосамен бояйды.<br>**Педагог балаларға өлең мәнерлеп оқиды, балалар өлең жолдарын қайталайды.**<br>Үй жасау керегеден басталады,<br>Оңайлау бұдан көрі басқалары.<br>Ағашы керегенің – сағаналар,<br>Біркелкі, қатар-қатар тасталады.<br>**Ойын** (кереге болып жиналып, керілеміз. Киізді киім етіп киінеміз. Кереге бау шарфы болсын. Түймесі белбеу жібі.): Біз кереге, кереге, жамандықтан жерінген, жақсылыққа керілген. Бұл ойынның мақсаты керегенің ағаштан жасалып, ол | уақытқа сағаттың бүйіріне ойыншық қояды. Ойыншылар кезек-кезек қандай ойыншық тәуліктің қай сағатында екенін болжау үшін сұрақтар қояды.<br>Мысалы: «Алты, үш сағатта қандай ойыншық бар?» немесе «Таңертеңде қандай ойыншық тұр?».<br>Ең көп позицияны болжаған ойыншы жеңімпаз болады.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Тәулік бөліктерін және сағаттағы уақытты ата. Сызып қос.<br>Сурет бойынша бұл қашан болатынын айт.<br>**3-тапсырма.** Тыңда. Сағаттың «тілін» аяқтап сал. Суретпен сызып қос.<br>Таңертеңгі сағат 8-де балалар балабақшаға барады.<br>Кешкі сағат 7-де отбасы мүшелері кешкі асын ішеді.<br>Кешкі сағат 9-да Сырым ұйықтайды.<br>Педагог мәтінді оқиды, балалар сағат үлгісінен уақытты көрсетеді.<br>QR коды бойынша аудиожазба мен мультфильм көреді.<br>**4-тапсырма.** Суреттерді қара. Сен таңертең не істейсің? Ретімен сызып қос. | кілем, сырмақ, саба, торсық тағы басқалар малдың өнімінен жасалады. Сондықтан төрт түлік малды қазақ халқы қадір тұтып, өлең жырларына, мақал-мәтелдерге, тыйым сөздерге қосқан. Малдың төрт түрі: түйе, сиыр , жылқы және қой-ешкі төрт түлік деп аталған. Түліктің белгісі: Түйе – БАЙЛЫҚ Қой – МЫРЗАЛЫҚ. Түлік иелері : Жылқы иесі Сиыр иесі – «ҚАМБАРАТА» – «ЗЕҢГІБАБА» 78 Ешкі – ЖЕҢІЛДІК . Жылқы – СӘНДІК, Сиыр – АҚТЫҚ. Ата сұрақтар қояды. Түйе иесі Қой иесі – «ОЙСЫЛҚАРА» – «ШОПАНАТА» Ешкі иесі – «СЕКСЕКАТА» – Неге бұларды үй жануарлары деп атаған, олар үйде, адамдармен бірге тұра ма? – Адамдар оларды үйде бағып, өсіргендіктен үй жануарлары деп аталады, олар арнайы малқорада тұрады. – Мал бағатын адамды қалай атайды? – Сиыршы, түйеші, қойшы, жылқышы. – Барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? – Малшы. «Үй жануарлары қалай пайда болды?» фильмі көрсетіледі. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылығы неде? (Балалардың жауаптары). | құлын не деп жауап айтты? Қозы мен ботақан не деді? – Иесі төлдерге не деп басу айтты? Әңгіме қалай аяқталды? Балалармен бірге қайталап оқу. «Төлдерім, сендер босқа таласпаңдар, әрқайсысыңның өз орындарың бар, адам үшін бәрің де керексіңдер!» – деді иесі. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады.<br>Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» (баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: педагог енесін атайды, балалар төлін табады немесе керісінше, төлі айтылады, енесін табу керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | керіліп, жиналатынын ойын арқылы<br>көрсету. Киімді киіз етіп балаға образды көрсету, есінде калдыру.<br>Бірінші сурет кереге жиналып тұр. Балалар тігінен тұрады.<br>Екінші сурет кереге керіліп тұр. Аяқтарының қырын және шынтақтарын бір-біріне тигізіп, керегенің керілген түріне ұқсастық жасайды.<br>Үшінші сурет кереге шеңбер болып, дөңгеленіп тұр.<br>Осы ойында балалар ойын арқылы керегенің жиналатынын, керілетінін және бір-біріне жалғанып дөңгелек болатынын білуі керек. | | | |
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Келіншек» күйі**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |
|  | | <br> | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Бөлме өсімдіктері және оларды күту<br>**Міндеті:** - Балалардың бөлме өсімдіктері туралы | **Көркем әдебиет**<br>Төлдер айтысы<br>**Міндеті:** - Төлдер туралы түсінігін кеңейту.<br>Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Күшік пен мысық» Ертегісі<br>**Міндеті:** --Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану | **Музыка**<br>Наурыз – жыл басы<br>**Міндеті:** - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Үлу<br>**Міндеті:** - Балалардың үлу туралы білімдерін жетілдіру<br>- Мүсіндеудің әртүрлі |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту (атауы, құрылысы)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы).<br>**Түсінеді:**Өсімдіктерді салыстырып, олардың айырмашылығы мен ұқсастығымен, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>**Қолданады:** Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру.<br><br>Педагог балалармен өсімдіктер туралы, олардың пайдасы, түрлері мен өсетін орталары жайлы әңгімелеседі. Саққұлақтың сұрақтарына жауап береді. – Олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? – Өйткені олар бөлмеде өсіріледі. – Балалар, мына гүлдер қалай аталады? – Фикус, қазтабан, шегіргүл, қоянқұлақ, бальзам [illegible] колеус. – Осы өсімдіктердің барлығына не ортақ? – Сабақтары, жапырақтары, гүлі, тамыры. Педагог балаларды гүлдер тұрған үстелге шақырып, көріп, салыстыруды, айымашылықтары мен ұқсастықтарын табуды ұсынады. Балалар жапырақтар пішініне қарап, дінін, өсімдіктің ұзындығын, гүлдердің | үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Жасайды:**Төлдер туралы түсінігін кеңейту.<br>**Түсінеді:**Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету.<br>**Қолданады:**Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бүгін «Төлдердің айтысы» ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: иесі – үй жануарларының қожасы төрт түлік – қой, сиыр, жылқы, түйені ортақ атаумен төрт түлік деп айтады Сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Төлдер не үшін айтысты? Лақ қалай мақтанды? – Бұзау, құлын не деп жауап айтты? Қозы мен ботақан не деді? – Иесі төлдерге не деп басу айтты? Әңгіме қалай аяқталды? Балалармен бірге қайталап оқу. «Төлдерім, сендер босқа таласпаңдар, әрқайсысыңның өз орындарың бар, адам үшін бәрің де керексіңдер!» – деді иесі. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады. Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: педагог енесін атайды, балалар төлін табады немесе керісінше, төлі айтылады, енесін табу керек | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын; **Қолданады:** дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br><br>«Күшік пен Мысық»<br>Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.<br>Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.<br>Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.<br>Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.<br>Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.<br><br>Қасқыр:<br>Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды.<br>Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.<br>Мысық, мен сені жеймін, – дейді.<br>Мені тойдыр, күшік.<br>Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?<br>Көзін бозарып, құлағын салпиып, тілін салақтап тұр. Күшік:Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тіреегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.<br>Сонда Мысық:<br>Ой, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.<br><br>Педагог сұрақ қою арқылы ертегі | **Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын<br>Музыка тыңдау:<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік<br>-Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию<br>-. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>**Топтық жұмыстар** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерін атап, ажыратады. Интербелсенді тактадан слайдтар көрсетіледі. – Бөлме өсімдіктері өте пайдалы. Бөлме өсімдіктерінің ішінде жарыкты сүйетіні де, көленкеге төзімдісі де, өзіне жарыктың шашырап түскенін калайтыны да бар. Ойын: «Ересектерге арналган жұмбактар» (QR-код аркылы косымшаны жүктеу). – Балалар, бөлме өсімдіктерін өсірудегі койылатын басты талаптар атаңдар:. – 1. Оларды іріктеп алу; 2. Өсіру; 3. Баптап күту. 4. Жарық, жылу, ылғалдылық. 5. Ыңгайлы ыдыс. 6. Өсетін жайлы орын. Интербелсенді тактадан өсімдікті күту алгоритмы слайдтары корсетіледі: топыракты копсыту; су кую; су бүрку; жапырактарды сүрту. – Енді мен өсімдіктерге күтім жасауды ұсынамын. Балалар, бізге жұмыс істеу үшін не кажет? – Суаруға арналган ыдыстар, бүріккіш бөтелкелер, майлыктар, щеткалар, суаруға арналған шелектегі су, копсыткыш агаш таякшалар, күрекшелер, кішкентай тырмалар, алжапқыштар, жеңдер, басымызга киетін калпактар. Балалар алжапкыш, жеңдер киіп, бастарына арнайы калпактар киеді. жұмыс мазмұнында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, | | мазмұнын сұрайды. Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. | | |

Сканировано с CamScanner

<table>
<tr><td></td><td>балалар өзара әңгімелесіп, педагогпен бірлесіп еңбектенеді. – Өсімдіктерге күтім жасау керек. Өсімдіктер барлық мүшелерімен тыныс алады: жапырақтары, сабақ, тамыр. Жапырақтардағы шаң өсімдіктің тыныс алуына жол бермейді, сондықтан үлкен тығыз жапырақтар шаңнан дымқыл шүберекпен тазартылады.</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Қауіпсіздік сабағы : «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ»<br>Мақсаты: балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру. .</td></tr>
<tr><td colspan="2">Бейтаныс адамдар кімдер? Тәрбиеші бейтаныс адамдар деп бала танымайтын немесе бірінші рет көріп тұрған адамдар екенін түсіндіреді. Бейтаныс адамдармен кездескендегі тәртіп (мінез-құлық) ережелері Ешқашан бейтаныс адамдардан кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді қабылдамаңыз. Ешқашан бейтаныс адамның артынан ермеңіз, тіпті ол ата-анаңды танимын десе де бармаңыздар. Егер бейтаныс адам бірдеңе ұсынса немесе бір жерге баруды өтінсе, дереу «жоқ» деп кетіп қалу керек. Бейтаныс адам бір нәрсе ұсынбақ болса немесе сізді бір жерге шақырғысы келсе ата-анаңызға айтыңыз. «Бола ма, болмай ма?» ойыны Тәрбиеші суреттерді көрсетіп, әртүрлі жағдаяттарды әңгімелейді, ал балалар бұл ұсынылған әрекеттерді істеуге бола ма немесе болмай ма деп айту керек. Мысалдар: «Бейтаныс адам кәмпит ұсынып жатыр», «Көрші алма ұсынып жатыр», «Бейтаныс адам жол сұрап жатыр». «Егер ..., не істеу керек?» ойыны Тәрбиеші қуыршақтармен немесе ойыншықтармен әртүрлі жағдаяттарды ойнатады. Мысалдар: «Қуыршақ балаларға кәмпит ұсынып жатыр», «Ойыншық сізді дүкенге баруға шақырады». Балалар ұсынылған жағдайларға дұрыс әрекет етуі керек.</td><td colspan="2">Пайдалы сілтемелер: https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-lIu3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=4 https://orken-institutv.kz/ru<br><br></td><td colspan="2"><br>Көшеде танымайтын адамдармен сөйлеспе.<br></td></tr>
<tr><td colspan="6">4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>Дене тәрбиесі<br>Менің көңілді добым<br>Міндеті: Допты қабырғаға</td><td>Музыка<br>Көктем әндері<br>Міндеті - Ұлттық билердің</td><td>Дене тәрбиесі<br>Асықпен ойналатын ойындар<br>Міндеті: --2–2,5 метр</td><td>Қазақ тілі<br>Бағдаршам</td><td>Менің көңілді добым<br>Міндеті: - -Допты бір қатарға қойылған заттардың</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лактыру және екі колымен қағып алу .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Допты жоғары, жіптің үстінен лактыру<br>**Түсінеді:** екі колымен, бір колымен (оң және сол колын алмастыру) қағып алу<br>**Қолданады:** жаттығу жасау<br><br>Допты кабырғаға лақтыру және екі колымен қағып алу<br>.<br>«Тоннель».<br>Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып кою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.<br>Балалардың кажетті аракашықтықты, кауіпсіздік ережелерін катаң сактауын кадағалау<br>керек | элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, караторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық кимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (П. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай) | аракашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды** 2–2,5 метр аракашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br>**Түсінеді:**асықты лақтыру<br>**Қолданады:** балалар ойнайды 2–2,5 метр аракашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру<br><br>«Желпуіш саламыз»<br>Шаңғының ұшын 180 айнала козғалып, бұрылады.<br>«Тоннель».<br>Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып кою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.<br>Балалардың қажетті аракашықтықты, кауіпсіздік ережелерін катаң сақтауын кадағалау<br>керек | **Міндеті -**Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді колдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс колдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Бағдаршам кызметі туралы өз ойларын айтты<br>**Түсінеді:** Жол ережелерін кайталап айтты;<br>**Қолданады:** Өзінің жұмысын бағалады.<br><br>Балалар мен сендерге жұмбак жасырам, жауабын тауып көріңдер.<br>Педагог балаларға жұмбақ қояды.<br>Үш көзі бар бір батыр<br>Жол шетінде тұрады.<br>Жолдан жүру тәртібін.<br>Бәрі одан сұрады? (бағдаршам).<br>**Балалар:** Бағдаршам.<br>**Педагог:** Дұрыс айтасыңдар, бағдаршам. Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Бағдаршам».<br>Ал балалар, сендер бағдаршам туралы не білесіңдер?<br>Педагог балалардың жауаптарын тыңдайды.<br>2. Педагог жолда жүру ережелерін туралы айтады. Жолдан жаяу жүргенде жаяу жүргіншілер жолымен жүру керектігі туралы түсіндіреді.<br>Балалар өлеңді қайталайды.<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін аттыру, кимылды ойын арқылы оларды жылдамдыкка баулу.<br>**Шарты:** Балалар бір катарға тұрады. Үш қатарда түстер белгіленген, кызыл, жасыл, сары. | арасымен домалату<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру<br>**Түсінеді:** екі колымен, бір колымен (оң және сол колын алмастыру) қағып алу<br>**Қолданады:** жаттығу жасау<br><br>Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі кимылдарды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне карама-карсы жүруге болмайды.<br>Секірулер: сырықты жалғыз аякпен секіріп, ілгері карай айналып жүру. Секіргенде аяктың басымен итеріліп, аяктың басына кайта түсу. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Педагог кай түсті айтса, балалар сол айтылған қатарға секіріп тұруы кажет. | |
| **Серуенге дайындык** | Киімдерді реттілікті сактап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Бақылау: Топыракты бақылау**<br>**Мақсаты:** торф топырағының кыртысымен таныстыру .<br>**Бақылау барысы**<br>Біздің айналамызда шалшык көп. Ал, шалшыктар торфка (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол катты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымкыл, жабыскак, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяккиіміңе жабысып калады. Сондыктан да бұндай сокпакпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайткыш ретінде косады..<br>**Жеке жұмысы**<br>Торфтың құрғак және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер кыртысы кай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>Мақсаты: торфтың пайдалы касиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>Қимылды ойын<br>«Акку-каздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша кашкандарды куып жету, ойын шартын сақтау.<br>Жаттығу ойыны<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>**Мақсаты:** мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Күн өткен сайын көктем кысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен кары еріген алаңкайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, кар үйінділеріндегі карлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соктығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзак уакыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су козғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Жеке жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың калыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел түрлерін есте сақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбак жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байкауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>◆ Желдің кандай түрлері болады?<br>◆ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі кызады: жылы ауа жеңіл болады, сондыктан жоғары көтеріледі, ал, суык ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада козғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суык ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалыкты катты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>◆Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұркасын, боран.)<br>◆ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Бақылау: Тастарды бақылау**<br>**Мақсаты:** тастардың әртүрлілігімен және олардың касиеттерімен таныстыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Балабакша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшык табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>**Жеке жұмыс**<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды кай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабакша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау**<br>**Мақсаты:** көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген камкорлыкка тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ұя»**<br>**Қ.Баянбаев**<br>Ұя жасап тактайдан.<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім кашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жакка ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне кай уакытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға кандай камкорлык жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Құстарды топка бөл.<br>Мақсаты: құстар суреттерін кыстап калатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.<br>Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»**<br>Мақсаты:<br>—белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>—ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>Жаттығу ойыны<br>Ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | ♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Жеке жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.<br>**Қимылды ойын «Кім жылдам?».**<br>**Мақсаты**: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.<br>**Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша** | Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Бәйге».**<br>**Мақсаты:** нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | **Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».<br>Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі.<br>Қаз маңғаз.<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі.<br>Әр кез маңғаз.<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>Қаз маңғаз.<br>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.<br>Тыйым сөздер:<br>Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас атпа.<br>Құс жұмыртқасын сындырма.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | **Сөйлеу дағдысы**<br>**Әлімжан Айым**<br>**Жұмыс түрі:** Жаңылтпаш жаттату<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды анық айту, сөйлеу ырғағын сақтау<br>**Құралдар:** Жаңылтпаш жазылған карточкалар<br>**Жұмыс барысы:**<br>– Алдымен жаңылтпашты тәрбиеші баяу оқиды<br>– Бала қайталайды<br>– Сөйлем бөліктерге бөлініп жаттатылады<br>**Күтілетін нәтиже:** Сөздерді анық айтып, сөйлемді шатастырмай жеткізеді | **2. Танымдық дағды**<br>**Қайратұлы Ермұхаммед**<br>**Жұмыс түрі:** Сурет бойынша әңгіме құрау<br>**Мақсаты:** Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту<br>**Құралдар:** Мазмұнды суреттер<br>**Жұмыс барысы:**<br>– Суретті қарау<br>– «Бұл не? Не істеп жатыр?» сұрақтарына жауап беру<br>– 2–3 сөйлем құрау<br>**Күтілетін нәтиже:** Ойды жүйелі жеткізе алады | **3. Әлеуметтік дағды Қайрат Айгерім Жамбылқызы**<br>**Жұмыс түрі:** «Жақсы сөз айт» ойыны<br>**Мақсаты:** Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру<br>**Құралдар:** Айна немесе ойыншық<br>**Жұмыс барысы:**<br>– Бала айнаға немесе ойыншыққа жақсы тілек айтады<br>– «Рахмет», «өтінемін» сөздерін қолдану<br>**Күтілетін нәтиже:** Сыпайы сөздерді қолданады | **4. Эмоционалдық дағды Раис Дастан Талғатұлы**<br>**Жұмыс түрі:** «Көңіл күйді таны»<br>**Мақсаты:** Эмоцияларды ажырату және атау<br>**Құралдар:** Көңіл күй бейнеленген карточкалар<br>**Жұмыс барысы:**<br>– Карточканы көрсету<br>– «Бұл қандай көңіл күй?» деп сұрау<br>– Өзі сол көңіл күйді көрсету<br>**Күтілетін нәтиже:** Эмоцияларды таниды, атайды | **5. Ұсақ қол моторикасы Берік Шахнұр Айдынұлы**<br>**Жұмыс түрі:** Саусақ жаттығулары<br>**Мақсаты:** Қол қимылын дамыту, жазуға дайындау<br>**Құралдар:** Моншақ, ермексаз<br>**Жұмыс барысы:**<br>– Моншақты жіпке тізу<br>– Ермексаздан қарапайым пішін жасау<br>**Күтілетін нәтиже:** Саусақ қимылдары еркін дамиды |
| **Балалардың іс-әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек, қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары** | **«Келді қонақтар»**<br>**Мақсаты:**<br>Сюжетте қарапайым мағыналы байланыстарды және заттардың кеңістіктік қатынастарын (алдында, артында, қасында) бейнелей білу.<br>**Іс-әрекет түрі:**<br>Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар қонақ күту көрінісін салады. Суретте адамдар мен заттардың орналасуын көрсетеді. | **«Достар және мен»**<br>**Мақсаты:**<br>Сюжет арқылы өзара байланыстарды және заттар мен адамдардың кеңістіктік қатынастарын жеткізу.<br>**Іс-әрекет түрі:**<br>Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар өзін және достарын бейнелеп, бірге ойнап жатқан сәтті суретке түсіреді. | **«Ақша жинақтайтын сандықша»**дидактикалық ойын<br>Мақсаты:балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар.<br>**Барысы:** балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиешібалаларға жұмбақтар жасырады,дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауып болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды.( Қаржылық сауаттылық) | Тақия тастамақ<br>Мақсаты: **Шапшаңдық, қырағылық, ойнақы көңіл-күй қалыптастыру.**<br>Ойнау барысы: **Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала сыртынан айналып жүріп, тақияны біреудің артына тастайды. Ол байқап қалса – қуып жетеді.** | **Бес тас**<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін, ептілікті дамыту.<br>**Ойнау барысы:** Балалар тастарды кезекпен лақтырып, қайта қағып алу арқылы ойнайды |

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер:**<br>**Отбасылық бірлікті үлгі етіңіз**<br>Балалар ата-ананың өзара сыйластығын, түсіністігін көріп өссе, олар да айналасына мейірімді, ашық болады.<br>Бірлескен іс-әрекетке көңіл бөліңіз<br>Үй шаруасын, демалысты, мерекелерді бірге ұйымдастыру — баланың жауапкершілігін арттырып, ынтымаққа тәрбиелейді.<br>Баланы тыңдай біліңіз<br>Баланың пікірін ескеріп, ойын еркін айтуына мүмкіндік беру — өзара сенімді күшейтеді.<br>Келіспеушілікті мәдениетті шешуді үйретіңіз<br>Даулы жағдайда сабыр сақтап, келісімге келу жолдарын көрсету — бала үшін өмірлік сабақ.<br>Жақсы сөз — жан азығы<br>Үйде жылы сөздер мен қолдауды жиі қолдану баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.<br>**Қорытынды:**<br>Бірлік пен ынтымақ бар жерде — береке мен тыныштық бар. Отбасындағы осы құндылықтар баланың тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды. |

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер:**<br>**Отбасылық бірлікті үлгі етіңіз**<br>Балалар ата-ананың өзара сыйластығын, түсіністігін көріп өссе, олар да айналасына мейірімді, ашық болады.<br>Бірлескен іс-әрекетке көңіл бөліңіз<br>Үй шаруасын, демалысты, мерекелерді бірге ұйымдастыру — баланың жауапкершілігін арттырып, ынтымаққа тәрбиелейді.<br>Баланы тыңдай біліңіз<br>Баланың пікірін ескеріп, ойын еркін айтуына мүмкіндік беру — өзара сенімді күшейтеді.<br>Келіспеушілікті мәдениетті шешуді үйретіңіз<br>Даулы жағдайда сабыр сақтап, келісімге келу жолдарын көрсету — бала үшін өмірлік сабақ.<br>Жақсы сөз — жан азығы<br>Үйде жылы сөздер мен қолдауды жиі қолдану баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.<br>**Қорытынды:**<br>Бірлік пен ынтымақ бар жерде — береке мен тыныштық бар. Отбасындағы осы құндылықтар баланың тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды. |

Тексерілді

Сканировано с CamScanner